

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 290 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 сәуірде № 4310 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 487-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына және "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 тіркелген, бұйрығына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген, 2010 жылғы 19 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) **м ы н а д а й** **ө з г е р і с** **е н г і з і л с і н :**

Көрсетілген шешіммен бекітілген жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының мөлшері жаңа редакцияда қосымшаға **с ә й к е с** **б е к і т і л с і н .**

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн **ө т к е н** **с о ң** **қ о л д а н ы с қ а** **е н г і з і л е д і .**

Облыстық мәслихаттың сессия **төрағасы** **Ғ. ЛАТЫПОВ**

Облыстық мәслихаттың хатшысы

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 290 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

2009 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 235 облыстық мәслихаттың
шешіміне қосымша

**Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы
ставкаларының
МӨЛШЕРІ Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні**

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлері
1 .	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	1 0 1 , 0
2 .	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	2 9 2 , 0
3 .	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	8 1 , 0
4 .	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	7 9 , 0
5 .	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	2 0 7 , 0
6 .	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
7 .	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	1 0 , 0

Торғай, Ырғыз өзендері бассейні

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлері
1 .	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	8 7 , 0
2 .	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	2 4 6 , 0
3 .	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	6 8 , 0
4 .	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	6 8 , 0
5 .	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	1 7 7 , 0

6 .	С у	э н е р г е т и к а	теңге/1000 кВт.сағ	-
7 .	С у	к ө л і г і	теңге/1000 тек.м	-

Ескертпе: Төлемақы мөлшерлері сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі
индексін ескере отырып есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК